

2022-2023 оқу жылында 1-4 сынып аралығында оқушылар саны 84

2022-2023 оқу жылы бойынша стат есеп:

к/с	Көрсеткіштер	Саны
1	Жалпы кітап қоры	1677
2	Оқулықтар саны	1197
3	Әдеби кітаптар саны	253
4	Әдістемеліктер	480
7	Электронды оқулықтар	480
10	Оқушылардың оқулықпен қамтылуы	98%
11	Оқырман саны	70
12	Кітапханаға келімі	80
13	Кітап берілімі	2050
14	Оқу залы	0
15	Оқу залындағы орындықтар	0
16	Кітапхана көлемі	19.7
17	Кітапханашылар саны	1

Кітапхананың 2022-2023 жылында оқулықтармен қамтамасыз ету туралы мәлімет

Сыныбы	Оқушы саны	Оқулық саны	Қамтылуы %
1	17	15	88%
2	15	18	100%
3	27	29	100%
4	25	28	100%
барлығы	84		98%

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар

Мектеп кітапханасының жұмысы жоспарлы түрде жүргізілді. Жыл сайын мектеп кітапханасының қоры жаңа оқулықтар, әдістемелік әдебиеттер, электронды оқулықтармен және тағы басқа көмекші материалдармен толықтырылып отырады. Кітап қоры үнемі жаңарып отырады. Мектеп оқушылары оқулықпен түгел қамтылған. Жетіспейтін оқулықтарды мектеп аралық кітап алмасу арқылы толықтырып отырамыз

Мектеп кітапханасында әрбір атаулы күндерге, мерекелерге және ақын жазушылардың, ұлы тұлғалардың мерей тойларына арналған тақырыптық іс – шаралар, шолулар кездесулер өткізіліп, әр түрлі тақырыпта слайд, презентациялар көрсетіліп отырады.

Мектепте білім алушылардың жалпы саны 84 оқушы, барлық білім алушы

оқулықпен қамтамасыз етілді.

Мектеп кітапханасының материалдық-техникасы базасы

1.Қабаты- 1

2. Жалпы алаңы-19.7кв.м

3.Оқу залы -0

4.Оқу залындағы орындықтар саны-0

5.Кітапхананың материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы.

6.Сөрелер- 9

7.Өрт сөндіру құралы - 1

Тамыз айында жаңа оқу жылының басталуына орай мектеп оқушылары оқулықпен түгел қамтамасыз етілді. Жетіспеген оқулықтарды мектепаралық кітап алмасу арқылы толықтырылды. 1 қыркүйек – білім күніне «Мектептің оқытудағы басты құндылықтары отаншылдық, білімге құштарлық» атты көрме ұйымдастырылды. Көрме мектеп фойесінде жасалып, оқушылармен бірге көрмеге шолу жасалды. 5 қыркүйек тіл мерекесіне орай «Жаңа әліпби жаңа белеске шақырады» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараға 2 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттың ұлы ұстазы» атты портрет кеші ұйымдастырылды. Ахмет Байтұрсыновтың портреті жасалып оқушыларға өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы айтылды. Кеш әсерлі өтті. «100 кітап» жобасы аясында кітап оқу ұйымдастырылды. Кітап оқу мақсаты: мектеп мұғалімдері мен оқушыларды, кіші қызметкерлерді, ата-аналарды қазақ ақын – жазушыларының шығармаларын оқуға насихаттау. 1-қазан қарттар күніне байланысты «Қарттарым асыл – қазынам» бастауыш сыныптарда әңгіме оқылып, оқушылар ата-әжелері жайлы тақпақтар айтты. 25 қазан Республика күніне арналған кітап көрмесі, бүктемелер жасалып, оқырмандар отан туралы тақпақтар айтты. «Отты жылдар жаңғырығы» Талғат Бигельдиновтың 100 жылдығына орай 4 сыныптармен пікір алмасу ұйымдастырылды. Талғат Бигельдиновтың өмірі мен ерліктері жайлы айтылды. Аптаның сәрсенбі күндері «Оқу сағаты» өткізіліп отырды. 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздігіне орай «Тәуелсіздік - баға жетпес байлық» атты библиопост ұйымдастырылды. Тарих пәнінің мұғалімі Төлегенұлы Ержан ағай баяндама жасап, оқушыларға Тәуелсіз еліміздің тарихы жайлы түсініктеме жасады. Кітапхананың кітап қорын толықтыру мақсатында өткізілген «Ерікті кітап өткізуші» акциясында кітапхана қоры 20 дана кітаппен толықты. «Оқуға құштар ата-ана, оқуға құштар бала» ата-аналармен қосылып кітап оқу ұйымдастырылып, талдау жасалды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында: мектеп ұстаздарымен бірге Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия, сен менімен егіз бе едің?» атты поэзия кеші ұйымдастырылды.